

Атамды мақтанышпен еске аламын...

«Ер есімі ел есінде» дейді дана халқымыз. Кешегі сұм фашизмнің туын жыққанымызға 70 жыл толып отыр.


Осы Ұлы Отан соғысында қанша солдат жер жастаңды, оққа ұшты. Әкелерім, ағаларым елге мүгедек болып оралды. Ана баласынан, жары сүйегінен, бала асыраушысынан айырылды. Сол сұм соғыстың жарасы әлі де қарттарымыздың есінен кетпейді. Аз қалған ардагерлеріміз көздеріне жас алып, Отандастарын күрсіне еске алады. Біз сол ерлікті, сол Отанға деген Ұлы сезімнің құрбаны болған аталарымызды, әкелерімізді ұмытпауымыз заңдылық.

Бүгін, міне мен де әкеміздің ерен ерлігін, адал еңбегін сыр шертпекпін.

Әкеміз Әнуарбек Қаратаев 1912 жылы Қостанай облысы Торғай ауданы «Көкшала» ауылында дүниеге келген. Әкем әкеден жалғыз екен.

Сол кезде бес сыныптық оқуды бітірген. Сауатты, арабша хат таныған кісі болған. «Он үш жаста отау несі» дегендей, тұрмыстың қажеттілігінен он үш жасында отау құрған. Ауылда көп жылдар есетші қызметін атқарды. Ағамыз екеуі 12 бала тәрбиеледі.

Әкеміз 1942 жылы бесінші сәуірде Қостанай облысының Торғай әскери комиссариатынан майдан даласына артырмалық атқыштар Белград полкіне сержант болып аттанды. ССР жоғарғы кеңесінің президентінің заңымен 1945 жылдың 25 қыркүйегінде Әскер қатарынан босатылды.



Осы қаһарлы соғыс жылдарында әкеміз бірнеше майдан шебінде, азат ету әскерінде болды. Ерақ пен еңбекті қатар ұстай білген әкеміз елге оралған соң да қызу еңбекке атсалысты. Біз әкеміз Әнуарбек Қаратаевтың ерен ерлігі мен адал еңбегі үшін алған марапаттарын таныстыра кетуді жөн көрдім.

Соғыс жылдарында елге, әкемізге бірнеше алғыс хаттар легі келіп тұрды.

Оларды тізбектей кетсем:

1. «За Отвагу» медалі.

2. Надьбай (Венгрия) қаласын қорғап, азат еткені үшін 1945 жылы 30 наурызда алғыс жарияланды.

3. 1944 жылы 20 қазанында Югославия астанасы Белград қаласын азат еткені үшін алғыс жарияланды.

4. 1944 жылдың 2 желтоқсанында Венгрияның бірнеше қалаларын басып алған жеке құрамға алғыс жарияланды.

5. 1945 жылдың 9 мамырында жаудың әскерін талқандап, Австрияның Грац қаласын азат еткені үшін алғыс жарияланды.

6. «Ұлы отан соғысының

жеңісіне 20 жыл» толуына орай мерейтойлық медалімен марапатталды.

7. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерейтойында медалімен марапатталды.

8. 1975 жылы 14 ақпанда «Знак почета» орденімен марапатталды.

9. «СССР қарулы күштеріне 50 жыл» медалімен 1969 жылы марапатталды.

10. «Ұлы Отан соғысының жеңісіне 30 жыл» медалімен 1976 жылы марапатталды.

11. «СССР қарулы күштеріне 60 жыл» медалімен 1980 жылы марапатталды.

12. 1944 жылы Бендер қаласын қорғағаны үшін алғыс жарияланды.

13. 1944 жылы констанция портын (Румыния) және қаланы қоршап азат еткені үшін алғыс жарияланды.

14. 1944 жылы Белгарианың Шумен қаласын қорғаудағы ерлігі үшін алғыс жарияланды.

15. 1943 жылы Харьков қаласын қорғаудағы ерлігі үшін алғыс жарияланды.

16. 1945 жылы неміс басқыншыларына қарсы күрестегі «Ерен ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

17. 1944 жылы бас қолбасшы Кеңес үкіметінің маршалы жолдас Сталиннің Дунай жағалауындағы елді мекендерді жаудан қорғағаны үшін алғыс жарияланды.

18. «Ұлы Отан соғысының жеңісіне 25 жыл» мерейтой қарсаңында төс белгімен марапатталды.

19. 1948 жылы «Белград қаласын азат еткені үшін» медалімен марапатталды.

Міне, бұл марапаттаулар

әкеміздің Ұлы Отан соғысындағы ерен ерлігінің ақталғаны.

Соғыста №57 майдан әскері қатарында жүріп 1944 жылы миға жарақ шағынан бас сүйегі жарақат алды. Осынау қиын тоғистің арасынан аман келіп елдегі көнжелеп қалған қызу еңбекке атсалысты. Ауыл шаруашылықты көтеруге аялбай тер төге білді.

Сол үшін 1974 жылы «победитель соц соревнования» төс белгісімен, 1973 жылы «Победитель соц соревнования» төс белгісімен, «Ербек» совхозының аға шопаны ретінде «мал шаруашылығының екінші класс шебері» атағы 1975 жылы СССР халық шаруашылығын дамытуда жеткен жетістіктері үшін куміс медальмен марапатталды.

1976 жылы көп жылғы адал еңбегі үшін СССР жоғарғы кеңесінің қаулысымен марапатталды.

«Ер елі үшін туады, елі үшін өледі» дегендей, әкеміздің осындай ерен ерлігі мен адал еңбегі ескерусіз қалмады. Кеудесіне жарқаратып бірнеше медальдар тізбегін тақты. Бірнеше ұрпақ сүйді. Әкемізбен бақытты құмыр кешітті. Әнуарбек әкеміз аға шопандықтан зейнетке шықты. Ұлы Отан соғысының ардагері ауылшаруашылық қызметінің шебері атамның марапаттауларын, демалысқа үйге барғанда қолыма алып мақтанышпен сағына еске аламын. Ерен ерліктің, адал еңбектің несі атам 1981 жылы 69 жасында өмірден өтті.

**Еске алушы немересі:
Арқалық қалалық медицина колледжінің 2 курс студенті Құрман Әнуарбек.**